


ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП

2021 ж. қаңтар-тамыз




86,1
МЛРД ТГ



104,7%
ФКИ

■ Текстиль ■ Одежда ■ Кожа и обувь

\$40,1
МЛН



ЭКСПОРТ

Импорт 90%
ОТӨ 10%





НАРЫҚ

\$1173,6
МЛН



ИМПОРТ

Нарық, экспорт және импорт бойынша
2021 ж. қаңтар-шілдедегі деректер



ӨҢІРЛЕРДЕГІ ӨНДІРІС

2021 ж. қаңтар-тамыздағы жеңіл өнеркәсіп

Жеңіл өнеркәсіп өнімі өндірісінің көлемі 2021 жылғы қаңтар-тамызда 86,1 млрд теңгені құрады, бұл, номиналды көріністе 2020 жылғы осы кезеңнен 13% жоғары. Осу саланың барлық ішкі секторларында байқалады. Тоқыма бұйымдары өндірісінде (+4,1%), киім өндірісінде (+26,6%), былғары және оған жататын өнім өндірісінде (+17,6%).

Жеңіл өнеркәсіп өнімі өндірісінде негізгі үлесті тоқыма өндірісі құрайды – 44,4 млрд. теңге, одан кейін киім өндірісі – 33,4 млрд. теңге былғары және оған жататын өнім өндірісі – 8,3 млрд. теңге.

Жеңіл өнеркәсіп өнімінің **физикалық көлем индексі** 2021 жылғы қаңтар-тамызда 2020 жылғы қаңтар-тамызбен салыстырғанда 104,7% құрады. Осу киім өндірісінің (+16,3%) және былғары және оған жататын өнім өндірісінің (+8,4%) ішкі салаларында байқалады.

Тоқыма өнімі өндірісінің ішкі саласында төмендеу байқалады (-2,5%).

Киім өндірісінде ФКИ 116,3% өсуі ерлерге арналған пальто, плащ, жылы куртка (шаңғыға арналғанды қоса алғанда), желбегей, штормовик өндірісінің 2,9 есе, пиджак және блейзер, жакет, ерлерге арналған пиджак сияқты курткалар өндірісінің 2,8 есе; тоқыма костюм, комплект, пиджак, шалбар, көкірешелі және баулы комбинезондар, бриджи және шорты (суға түсуге арналғаннан басқа) өндірісінің 97,8%; шортымен тенниска, майкалар, тоқыма күпәйке және осыған ұқсас бұйымдар өндірісінің 51,6%; ерлер жұмыс киімі өндірісінің 34,8%, жұмыс киімі өндірісінің 20,3%; тоқымадан басқа іш киім өндірісінің 43,3% өсуіне байланысты.

Былғары және оған жататын өнімнің ФКИ 108,4% өсуі әр түрлі материалдардан жасалған чемодан, саквояж, сөмке, портфель, рюкзак, футляр өндірісінің 5,2 есе; үстіңгі қабаты полимер су өткізбейтін аяқ киім өндірісінің 4,3 есе; үсті резеңке және полимер материалдардан жасалған көше (сандалийден басқа) және үйге арналған аяқ киім өндірісінің 2,6 есе; ІҚМ терісінен жасалған былғары өндірісінің 25% өсуі есебінен болды.

Тоқыма өнімі өндірісінің -2,5% (ФКИ 97,5%) төмендеуі мақта талшығы өндірісінің -40,3%; мақта жібі өндірісінің -23,5%; мақта мата өндірісінің -7,7%; сырмалы көрпе, мамық көрпе, диванға арналған жастықтар, пуф, жастықтар, кез келген материалдан немесе губкалы резеңкеден немесе кеуекті (губкалы) пластмассадан жасалған ұйықтауға арналған қаптар және осыған ұқсас бұйымдар өндірісі 53,2%; ас жаулықтар өндірісінің 40%; кілем және кілем бұйымдары өндірісінің 16%; киімді қоспағанда, тоқыма емес материалдар және одан жасалған бұйымдар өндірісінің 9% қысқаруына байланысты.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **экспортының көлемі** 2021 жылғы қаңтар-шілдеде 40,1 млн. АҚШ долл. құрады, бұл, 2020 жылғы осы кезеңнен 12,2% жоғары.

Экспорт жеткізулердің киім тауарларында 39,2%, былғары және оған жататын өнімде 53% өсуі байқалады. Экспортты қысқарту тоқыма

бұйымдары тауарларында байқалады - 6,7%. Негізгі экспорт елдері: Ресей, Қытай, Литва.

Жеңіл өнеркәсіп өнімі **импортының көлемі** 2021 жылғы қаңтар-шілдеде 1 173,6 млн. АҚШ долл. құрады, бұл, осы кезеңмен салыстырғанда 42,7% жоғары.

Импорт жеткізулердің өсуі жеңіл өнеркәсіптің барлық ішкі салаларында байқалады: тоқыма бұйымдары (+27,3%), былғары және оған жататын өнім (+59,5%), киім (+46,5%). Негізгі импорттаушы елдер: Қытай, Ресей, Түркия.

2021 жылғы қаңтар-шілдеде ҚР жеңіл өнеркәсібі **нарығының көлемі** 1 310,6 млн АҚШ долл. (75,2 млрд теңге) құрады, ОТӨ үлесін 10%, импорт өнім үлесін 90% құрайды.

Сала төрт өңірде жоғары **аумақтық шоғырланумен** ерекшеленеді: Шымкент қ., Алматы және Түркістан облыстарында және Алматы қ..

Шымкент қ. жеңіл өнеркәсіп үлесі республика өндірісінің жалпы көлемінен 21% құрайды. Алматы облысында – 14,5%, Түркістан облысында 11% жуық, Алматы қ. – 10,7%.